

Өндірістік кеңестің № 3 хаттамасы

Өткізілген күні: «29» сәуір 2026 жыл

Өткізілген орны: ЖК Н. И. Ғайып «Ақбөбек» жекеменшік балабақшасы

Қатысқандар: 10 қызметкер

Төраға: А.Базылбекова

Н Хатшы: Ж. Балгабаева

Күн тәртібі:

1. 2025-2026 оқу жылына жылдық жоспар бойынша жүргізілген жұмыстарға сараптама.
2. Жазғы кезеңге арналған жұмыс жоспарын дайындау және бекіту.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша:

Балабақша директора А. Базылбекова сөз алды. 2025–2026 оқу жылы ішінде мектепке дейінгі ұйымның өндірістік кеңесінің жұмысы жылдық жоспарға сәйкес жүйелі түрде ұйымдастырылды. Өндірістік кеңес отырыстары белгіленген мерзімдерде өткізіліп, хаттамалар Қазақстан Республикасы құжаттарды рәсімдеу талаптарына сәйкес жүргізілді. Күн тәртібіне енгізілген мәселелер толық қаралып, әрбір мәселе бойынша нақты шешімдер қабылданды және жауапты тұлғалар мен орындалу мерзімдері белгіленді.

Өндірістік кеңес отырыстарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, санитариялық талаптардың сақталуы, еңбек қауіпсіздігі, ішкі тәртіп, құжаттаманы жүргізу сапасы, педагогтердің кәсіби қызметі, ата-аналармен өзара байланыс, тамақтандыруды ұйымдастыру, материалдық-техникалық базаны жетілдіру және аттестаттауға дайындық мәселелері қарастырылды.

Қабылданған шешімдердің орындалуына тұрақты бақылау жүргізіліп, орындалу қорытындылары келесі отырыстарда талданып отырды. Өндірістік кеңес барысында анықталған кемшіліктер бойынша түзету жұмыстары ұйымдастырылып, олардың орындалуына мониторинг жүргізілді.

Қорытынды:

2025–2026 оқу жылында өндірістік кеңестің қызметі жоспарлы, жүйелі және нәтижелі жүзеге асырылды. Хаттамалар белгіленген талаптарға сай рәсімделген, қабылданған шешімдердің орындалуына бақылау жүргізілген. Өндірістік кеңес жұмысы мектепке дейінгі ұйым қызметінің сапасын арттыруға және білім беру процесін тиімді ұйымдастыруға оң ықпал етті.

Екінші мәселе бойынша:

Балабақша әдіскері Ж.Балгабаева сөз алды, жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын таныстырды.

Жоспарда:

- балалардың денсаулығын нығайту шаралары;
- шынықтыру жұмыстары;
- спорттық және сауықтыру іс-шаралары;
- танымдық серуендер мен экскурсиялар;

- ойын-сауық бағдарламалары;
- қауіпсіздік техникасын сақтау жұмыстары қамтылғаны айтылды.

Жоспар педагогикалық ұжым тарапынан талқыланып, толықтырулар енгізілді.

Шешім

1. Жазғы кезеңге арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Жазғы сауықтыру шараларының сапалы ұйымдастырылуы мен балалардың қауіпсіздігі тұрақты бақылауда болсын.
3. Балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған іс-шаралар толық көлемде жүзеге асырылсын.

Өндірістік кеңестің шешімі бірауыздан қабылданды.

Жиналыс төрайымы

Хатшы:



А. Базылбекова

Ж. Балгабаева